

Общественные науки

Р.Б. ЭБСАТТАРОВ

САЯСИ ДАУ-ЖАНЖАЛДАРДЫ ШЕШУ МЕХАНИЗМДЕРИ

Мақалада саяси дау-жанжалдарды шешу механизмдері қарастырылған. Сонымен қатар саяси ғылымда алға де толығымен зерттелмеген дау-жанжалдарды шешудің нағыз тиімді әдістері мен тәсілдері назар аударылған, сондай-ақ пікірсойыстық мәселелер де қарастырылған.

Саяси дау-жанжалдарды шешудің басты шарттары – дау-жанжалға қатысуши саяси күштердің және өзге де дау-жанжалдың аяқталуына мүдделі үшінші күштердің мақсатқа бағытталған әрекеттері болып табылады. Мұнда тәжірибе көрсеткендей, саяси дау-жанжалдарды шешу үрдісінде қолданылатын айқын қысын, нақты тәсілдер болады.

Саяси дау-жанжалдарды түрге бөлу әрқиыл, дау-жанжалдар өзгермелі, бір-біріне ұқсамайды. Осыған байланысты дау-жанжалдарды шешудің біртекті нысандарын немесе оларды шешудің әмбебап жолдарын көрсету мүмкін емес. Бірақ, мәселенің күрделілігіне қарамастан, қордаланған тәжірибелік іске немесе теориялық тәжірибеле сүйеніп кейір қорытындылар жасауға болады.

Тәжірибелік қызмет көрсеткендей, дау-жанжалдарды шешу үшін үлкен күш жігер жұмысалуы қажет. Дау-жанжалдың өздігінен шешілетіндігіне үміт артуға болмайды. Әрине дау-жанжалдарды ескермеуге, елемеуге, артық болса түсіндіруге болады. Бірақ әрбір дау-жанжал өз бетімен дамиды, шиеленіседі, өзге жанжалдармен ұласып, сөйтіп жалпы жүйені құйретуі ықтимал.

Адамзат қоғамы құрделі әлеуметтік макрожүйе сияқты. Ол таптардан, ұлттардан, ұлыстардан, мемлекеттерден, әлеуметтік топтардан, саяси партиялардан, жалпы қоғамдық бірлестіктерден және басқа да әлеуметтік қауымдастықтардан тұрады. Осы адамдар топтарының әрқайсысының өзге қауымдастықтардың мүдде мақсаттарымен және идеалдарымен сәйкес келмейтін жеке мүддесі, мақсаты мен идеалы бар. Осыдан барып олардың арасында біртіндеп саяси дау-жанжалдар мен дағдарыстық жағдайларға ұласатын пікір қайшылықтары, ерегес туындаиды, ал оларды шешу үшін нақты әдіс-тәсілдер мен шешу механизмдері қажет болады.

Айта кетер жайт, саяси дау-жанжалдар мен қарулы күш көрсетулер адамзат тарихының барлық кезеңдерінде де орын алғып отырды. Тек қана екінші дүниежүзілік соғыстан соң да әлем бойынша екі жүзге тарта аумақтық соғыстар мен дау-жанжалдар болған. Олар аумағы мен уақытына қарай шектеулі сипатта болғанымен, нәтижесінде көптеген адамдар құрбан болды, үлкен материалдық зиян келтірілді, орны толmas экологиялық зардалтар туындағы және т.б. Осы дау-жанжалдар мен соғыстар әлемнің саяси және моральдық-психологиялық жағдайына көрі әсерін тигізді. Қазіргі кезде аумақтық және жергілікті дау-жанжалдардың әртүрлі мемлекеттердің ішкі қатынастарына және халықаралық аренадағы жағдайға тигізер әсері жоғарылай түсude.

Саяси дау-жанжалдар қоғам өміріне қайшылықтар, жек көру, жақтырмаушылық пен қысым алғып келеді [1]. Адам әлдеқашан бері агрессия мен әртүрлі соғыстардың зияны жайлы түсінуі қажет еді. Бірақ, әрбір жаңа ұрпақ жаңа қақтығыстарға қатысып, жаңадан топтар мен бірлестіктерге бірігіп, санқылы қантөгістердің орын алу қаупі туындауда. Сондықтан әлеуметтік-саяси ғылымдарда саяси дау-жанжалдардың сипаты мен теориясын және олардың шешу механизмдерін зерттеу аса қажет болып отыр. Мұнда тағы бір айта кететін жағдай, саяси дау-жанжалдарды зерттеу әдістемесі әрқиыл. Көбінесе қандай әдіснаманы таңдайтындығы зерттеушінің идеологиялық бағытына байланысты болмақ.

Осыған байланысты қазіргі саяси ғылымда саяси дау-жанжалға ғылыми сипаттама беретін әмбебап әдіснамалық жүйе қалыптасты, оның құрамына кем дегенде тоғыз түсініктемелік топтар кіреді: дау-жанжалдың мәні, себептері, типологиясы, құрылымы, қызметтері, генезисі, динамикасы, алдын алу, дау-жанжалды тоқтату. Саяси ғылымда белсенді түрде саясатқа конфликтологиялық сараптама, саяси үрдістерге конфликтологиялық мониторинг, саяси дау-жанжалдардың туындауына бағдар жасау пайдаланылуда. Саяси дау-жанжалдардың өзге жанжалдардан айырмашылығы оның саяси құндылықтар төнірегінде туындаитындығында: билік, бедел, саяси

мәртебе. Сондай-ақ қазіргі кезде саяси дау-жанжалдардың шешу механизмдерін жасаудың мәні артып келеді.

Дау-жанжалдың ұтымды шешілуі тараптардың және өзге де қатысушылардың мүмкіндіктеріне және олардың еркіне байланысты. Дау-жанжалды тоқтатудың басты жолы – сол дау-жанжалдың шығуына жол ашып берген объективтік себептерді жою болып табылады. Дау-жанжалды шешу – түпкі мәнінде тараптардың арасында туындаған мәселеле бойынша келісімге қол жеткізу [2]. Шындығында бұл пікірмен көптеген авторлар келіседі, жалпы келісімге келудің үш түрі бар: тараптардың көзқарастарының сәйкес келуі нәтижесіндегі келісім; сыртқы құштердің зәни және моральдық еркіне сай келісімге келу; үсем тараптың өзгелерді өз дегеніне көндіруі нәтижесіндегі келісім.

Бірінші және үшінші жағдайларда дау-жанжал қатысушыларының өзара белсенділігін көруге болады. Халықаралық және ішкі саяси тәжірибе көрсеткендей, көшілік жағдайда дау-жанжалдың шешілуін күшті тараптың өз дегеніне өзгелерді көндіруі деп қарастыру дұрыс емес. Өйткені шешімді өзгеге телитін болса ол ұзаққа бармайды, дау-жанжал қандай да бір нысанда қайта жанданады. Мұнда КСРО құрамындағы аймақтардағы шекаралардың жасандылығын айта кетуге болады. КСРО ыдыраған соң ұлттық қақтығыстардың орын алуды күтпеген жерден аумақтық мәселелердің туындағанын көрсетті.

Сондықтан күшке сүйене отырып, соның ішінде әскери жолмен дау-жанжалдың шешілуі көбінесе иллюзиялық сипатта болады. Соғыста жеңіліс табу реванштық және жоғалтқан мұдделерді қайтаруға бағытталған көніл-күйдің қалыптасуына алып келеді. 1905 жылғы орыс-жапон соғысында Ресей жеңіліс тапты. Бірақ 1945 жылы КСРО реванш алды. Бұл өз кезегінде көптеген жылдар бойы Куріль аралдары мәселесін талқылап келе жатқан жапондық тараптың наразылығын тудырды. Қазіргі кезде екі мемлекет арасындағы дау-жанжалдар тоқтаған да сияқты. Бірақ соғы нүктө әлі қойылған жоқ. Өзге де соғыстар нәтижесінде туындағын аумаққа қатысты мәселелер де белен алуда.

Халықаралық дау-жанжалдарды шешу күрделі екендігін айта кету жөн. Соғылары бақталастық пен күш қолдану бүтінгі күні басты және шешуші ролге ие болатын шиеленіскең халықаралық қатынастарды білдіреді. Бұл жerde көбінесе нәсілдік, діни, таптық және топтық, ұлттық, аумақтық мұдделер тогысады. Құреске әртүрлі үкіметтік және жеке ұйымдар, қоғамдық қозғалыстар тартылады.

Соғы онжылдықтарда халықаралық дау-жанжалды түсінуде үлкен өзгерістер орын алды. Орын алған келіспеушіліктерді барлық кезде де өзара тиімді және барлығына ортақ, бейбітшіл таңдау жасау тәсілдерімен шешуге болатындығы жөніндегі идея туындалап, кең тарапалды. Дегенмен бұл артықтау айтылған пікір, себебі, әлемдік тәжірибе өзге жағдайдың орын алып отырғандығын көрсетіп отыр. Әйтсе де идеяның өзі мәселені бейбіт жолмен шешуді көздейтіндікten конструктивті және конфликтологияғының дамыту үшін де, тәжірибелік максаттар үшін де пайдалы. Бейбіт жолмен шешу механизмін, тәсілін таңдауда қайшылықтарды ашық түрде айшықтау қажет, жабық түрдегілеріне қарағанда оларды басқару жеңіл. Оның үстінен қарсыласынды немесе дау-жанжал қатысушысын жойылуы тиіс жау емес, серіктес ретінде қарастыру қажет. Қарсыласуши тараптардың қауіпсіздігі қамтамасыз етілгендеға қауіпсіздік ортақ болатындығы түсінікті.

Мұндай ұстаным ұзакка созылған араб-израиль дау-жанжалында белгілі бір мөлшерде басшылыққа алынды. Соғы жылдардағы американдық-рессейлік қарым-қатынаста да жаңа қарым-қатынас элементтері орын алғандығы байқалады. Мұндай қорытындыны әлі де болса иррационалдық жағдайлар орын алып отырған армян-азербайжан, грузин-абхаз, сонымен қатар бұрынғы Югославия аумағындағы дау-жанжалдарға қатысты жасауға болмайды.

Халықаралық қатынастарды шешудегі жаңашылдық екі жолды бөліп қарастырудан көрініс табады. Дәстүрлі жол дау-жанжалдың негізінде жатқан қайшылықтарды шешуді көздейді. Ол әлемде орын алып жатқан өзгерістер толық көрініс табатын әлеуметтік теориялармен келіседі. Екінші жол соғы жылдары қалыптасты. Ол бейбітшілік орнатуға, қарулы қақтығыстарды болдырмауға бағытталған «бейбітшілік жасау» идеясына негізделген. Қарулы қақтығыстардың алдын алуға бағытталған бұл бейбітшілік жасау жолдары дау-жанжалдарды болдырмау жолдарының институционалдық дамуына және біріктіруші бастауларды іздестіруге бағытталған. Мұндай тәсіл мемлекеттер мен халықтар арасындағы болашақтағы қарым-қатынас түрлері үшін

жемісті болмақ. Бұл тәсіл толығымен болмаса да іске асырылды (Сербия мен Хорватия, Грузия мен Оңтүстік Осетия, Кипрдегі турік және грек қауымдастықтарының және т.б. шекараларына әскер енгізу) және салыстырмалы болса да өз тиімділігін көрсете алды. Ал біріктіруші бастауларды жасауға келер болсақ, мұндағы басты мәселе тараптардың осы бастауларға байланысты келісімге келуі болып отыр.

Дау-жанжалды жағдайға дер кезінде әсер ету дағдарыстың алдын алуға жәрдемдеседі. Мысалы, 70–80 жылдары жекелеген республикалар арасында туындалған дауларды (Армения-Әзіrbайжан, КСРО – Балтық жағалауы елдері) әртүрлі жолдар мен тәсілдер арқылы уақытында шешуге болар еді. Билемші топтың қолында «алдын алушы қақпактар», ерте кезінде дау-жанжалды анықтауға жағдай тудыру, сонымен қатар еңбек дауларына қатысты, азаматтық туралы зандар қабылдау және т.б. тәсілдер болғанымен, пайдаланылған жоқ. Басталып жатқан дау-жанжалдарды жалған ақпараттар, демагогия, өсек-аяң, ұлтшылдықты қолдайтын көніл-күй шарықтау шегіне жеткізді.

Осыған байланысты келіссөздер дау-жанжалдарды шешудің тәсілі мен жолы екендігін айта кету керек. Дау-жанжал екі тараптың да өз қарсыласына күш қолдануға дайын болған уағына дейін ушықкан кезде тараптардың соғыстың тиімсіздігі мен әкелер шығынының жоғарылығын ескеріп келісімге келгені үдайы бола бермейді. Шиеленісті және ұзакқа созылған дау-жанжал қатысуышыларды билеп алғып олар өзгениң көмегінсіз бұл жағдайдан шыға алмай қалады. Жанжалдасуышы тараптарға шығармашылық, тәжірибе мен қабілет, қалау жетіспеуі де мүмкін. Әртүрлі себептерге байланысты олар өз талаптарын сәйкестендіре алмайды. Осындай жағдайда дауға үшінші тараптың, яғни бітімгердің араласуы қажет. Бітімгершілік екі тарапты да тыңдал, өзі дау-жанжалды шешуге байланысты ұсыныстар беретін үшінші тараптың дауға белсенді араласуын білдіреді [3]. Алайда оның ұсыныстары екі тарап үшін де міндетті сипатқа ие болмайды.

Үшінші тарап – бұл екі немесе одан да көп қатысуышылары бар дау-жанжалда келісімге келуге көмек беруге ұмтылуши жеке тұлға немесе топ. Қабылданатын шешімге бақылау жүргізу дәрежесіне қарай дау-жанжалды шешудегі үшінші тараптарды бірнеше түрге бөліп қарастыруға болады. Біз үшін арбитр рөліндегі үшінші тараптардың маңызы зор. Арбитр мәселенің мәнін зерттейді, оны жанжал тараптарымен талқылайды, содан кейін ғана орындалуы міндетті және соңғы шешімді шығарады. Бітімгер тараптар арасында аралық авторитарлық рөл атқарады, мәселеге қатысты өзіндік пікірі бар ол талқылауларға қатысады, бірақ соңғы шешімді тараптар дербес қабылдайды. Ең авторитарлық жатпайтын рөльге көмекші ие болады. Ол мәселені талқылау үрдісін жетілдірумен айналысады, бірақ мәселенің мәнін талдау мен соңғы шешім қабылдау ісіне қатыспайды.

Үшінші тарапқа дау-жанжалды шешу барысында әртүрлі қызметтерді аткаруға тұра келеді. Олардың қатарына мыналар жатады:

- жанжалдасуышы тараптардың өкілдері арасындағы қарым-қатынасты жақсарту;
- зандастыру;
- келіссөздер үрдісін ұйымдастыру;
- оқыту (жана және икемі жоқ қатысуышыларды жаттықтыру);
- қорларды бөлу (жанжалдасуышы тараптарға тәуелсіз сарапшыларды, сонымен қатар шешім қабылдайтын тұлғаларды іздестіріп, олармен келісуге көмек беру; қосымша қорларды ұсыну, мысалы, жанжал қатысуышыларына олардың жағымды жүргіс-тұрыстары үшін қосымша уақыт бөлу);
- мәселені зерттеу (жанжалдасуышы тараптармен дауды әртүрлі қырынан талдау, басты мұдделер мен маңызы зор тақырлардың талдануына көмек беру, мәселенің екі тарап үшін де тиімді шешіліуінің жолдарын іздестіру).

«Ақиқат агенті» рөлін ойнайтын үшінші тарап жүзеге асырылуы мүмкін емес және шектен шыққан мақсаттарды көксейтін жанжалдасуышы тараптарды сынға алғып, негізделген және іске асыруға болатын дау-жанжал шешімін табуға көмек береді; «құрбандық» рөліндегі тарап тараптар қабылдауға даяр ұтымсыз шешімді немесе кінәні өз мойнына алады; «көш басшы» болса мазмұнды кеңестер мен ұсыныстарды негізге ала отырып, келіссөздерді өзі жүргізуге бастама көтеруші тарап болады.

Тараптар арасындағы текетіресті шешу жолдарының ішіндегі ең тиімдісі – келіссөздер. Келіссөздерге негізделген қарым-қатынас қатысуышыларына тән нәрсе, олардың белгілі бір ымыраға келу арқылы өз қалаганының белгілі бір шегіне қол жеткізуді көздеуі болып табылады.

Келіссөздер үрдісі келесі жағдайларда орын алуы мүмкін: біріншіден, тараптардың қайшылықты мұдделерге қоса өзге ортақ мұдделері де болуы мүмкін; екіншіден, тараптар өзге жолдардан гөрі, өздері үшін тиімді нақты бір түсіністік пен келісімге келудің мүмкіндігін сезінеді; үшіншіден, тараптар пікірталаста барлығын да қанағаттандыратын шешім іздеуге тырысады.

Бітістірушінің қызметінің бастау кезеңі оның даудың бастапқы кезеніндегі қатысуышылардың күшті эмоцияларын ауыздықтауы болып табылады. Ашу-ыза мен тітіркену, сенбеушілік пен дәрменсіздік, фрустарция, қорқыныш тараптардың ой-санасын жаулап алып, дау-жанжалдың тақырыбында толыққанды талқылау жүргізуге кедері келтіреді. Сондықтан эмоцияларды ауыздықтауға арнағы процедуралар қажет болады. Мұндай процедуралардың екі түрі бар: эмоцияларды сыртқа шығарудың конструктивті тәсілдерін жасау және қарым-қатынастың нақты ережелері арқылы эмоциялардың сыртқа шығуына қатаң шек қою.

Үшінші тарап қате түсінушілік пен стереотиптердің жағымсыз әсерінен қорғауга байланысты жұмыстар жүргізеді. Сенім жағдайын тудыру тек жағымсыз эмоциялардың және стереотиптердің әсерін азайту ғана емес, сонымен қатар жағымды сезімдер мен әсерлерді қалыптастыруды да қамтиды. Ұтымды келіссөздер үшін карсылыстың осы келіссөздерге қатысуымен қатар, талқыланатын тақырыптың заңдылығын мойындауы да қажет. Қатысуышылар карсылыстың талаптарының, мұдделері мен эмоцияларының орынды екендігін, жалпыға ортақ қагидалар мен ережелерге сай келетіндігін мойындауы тиіс.

Дау-жанжал шешімінің нұсқаларын іздестірудің тиімді жолы – мәселені шешуші (кооперативтік) стратегия болып табылады. Ол жанжалдасуши тараптардың өзара тиімді шешімін табу жолындағы ынта-жігерін қамтиды. Тараптардың өкілдері бір-бірімен еркін араласады, өздерінің түпкі мұдделері мен мақсаттары жөніндегі ақпаратпен бөліседі, негізгі мәселелерді бөліп қарастыру бойынша бірге жұмыс істейді, сонымен қатар жанжал қатысуышыларына тиімділігіне қарай шешім нұсқаларын қарастырады.

Кооперативтік стратегияның пайдасына көптеген дәлелдер бар. Ең алдымен мұндай стратегия қарсыласқа қатысты қауіп пен құш қолданушылықты шектеп, даудың одан әрі ушығуына жеткізбейді, сонымен қатар ол екі тараптың да мұддесіне қызмет етеді [4]. Кооперативтік стратегияны тиімді қолданудың нәтижесі ретінде дау-жанжалды шешудің үш нұсқасы танылады: өзара ымыраласу, женімпазды анықтау үрдісі бойынша келісім, интегративтік келісім. Өзара ымыраласу (компромисс) – бұл қол жеткізілген нәтижені жақсы да, жаман да деместен әр тараптың өз талаптарының бір бөлігінің орындалғанына риза болуы. Бұл нұсқа өте пайдалы болмаса да көптеген дау-жанжалдар осы ымыраласумен аяқталады. Бұл тараптардың талаптары өте ұтымды болмағанда, өзге мүмкіндіктерді іздестіруге уақыт тапшылығында, дау-жанжалдың өршіп кету қаупі тұғанда, қатысуышыларға әлеуметтік жағдайларға байланысты қабылданған әділдік идеясы әсер еткенде (әрбір қатысуыш толығымен болмаса да өз қалауына қол жеткізуіне болады) мәндірек болмак.

Женімпазды анықтау үрдісі бойынша келісімде әдеттегідей бір тарап өз дегенінің барлығына қол жеткізеді, ал екінші тарапқа түк те тимейді немесе өте аз мөлшерде үлес алады. Мұндай процедураларың мысалы ретінде: а) жереби тастау; ә) жанжалдағы әрбір тарап үшін женістің маңызын бағалау және қай тарап үшін женістің маңызы зор болса соған оны алып беру; б) женімпазды анықтау үшін тізімге енгізілген сарапшыларға жүгіну; в) дауыска салу. Мұндай нұсқа дау-жанжалдың шешілүінін айқын екі жолы болғанда ғана тиімді саналады (мысалы, мына орынтаққа сіз ие боласыз ба, әлде мен бе дегендей). Алайда көшілік жағдайларда таңдау мүмкіндіктеріне қызығып өзге нұсқаларды қолдағанша интегративтік шешімге қол жеткізу тиімді болмақ. Интегративті шешімде жанжал тараптарының мұдделерін сәйкестендіру орын алады, бұл өз кезегінде тараптар мұдделерін толық қамтитындығымен тиімді.

Дау-жанжалды шешу бұрынғы дауларды қайта жандандырмай жаңа әріптестік қарым-қатынас туыннататын жағдайды орнықтыруды білдіреді [5]. Дау-жанжалдың шешілуі оның толықтай жойылуын білдірмейді, өйткені қарама-қайшылықтар туыннататын, соған сәйкес жаңа мазмұндағы дау-жанжалдардың қаупі бар әлеуметтік орта пайда болады.

Саяси дау-жанжал оның субъектілері, басшылары дау-жанжалды туыннатқан себептердің мәні жойылғандығы, тараптардың мұдделері қанағаттандырылғандығы, жекелеген мәселелер шешілген-дігі жөнінде жазылатын негізгі құжатты қабылдаған соң ғана шешілген болып есептеледі. Атальмыш құжатты қабылдаған соң тараптар арасындағы экономикалық, мәдени және өзге де

қарым-қатынастар орнына келеді (дау-жанжалдың деңгейіне, нысаны мен сипатына қарай), жанжалдасуши тараңтардың мұddeлерін қозғайтын саяси жағдайларға баға беру мен көзқарастар келісіледі. Басшылық дау-жанжалдан сабак алады, оны шешу жолдарын талдайды, болашақта мұндай дау-жанжалға жол бермеу шараларын қабылдайды. Бұл жерде саяси билік үшін дау-жанжалдың алдын алу жөнінде тәжірибелік ұсыныстар жасайтын ғалым-саясаткерлердің рөлі ерекше.

Корыта келгенде, саяси дау-жанжалдар саяси мұddeлдер мен олардың иелері әрекетке түсsetін, сонымен қатар өмірдің әртүрлі салаларында дау-жанжалдарды шешудің саяси тәсілдері, механизмдері қолданылатын қарым-қатынас түрі екендігі жөнінде қорытынды жасауға болады. Саяси дау-жанжалдарды саясаттану ғылымы зерттейтін объект ретінде қарастыра отырып, қоғам ұстанатын саясат дау-жанжалды шешуші әдіс ретінде, жанжалды-қақтығыс жағдайынан шығаруши жол ретінде, әлеуметтік апаттың алдын алушы қурал ретінде қолданылмай тұрмайтындығын атап айтқанымыз жөн.

ӘДЕБІЕТ

1. Александров С.Н Международные отношения: теория и практика. – М., 2009. – С.150-152.
2. Ланцов С.А. Политология. – СПб, 2011. – С. 376-382.
3. Политические процессы. –Уфа, 2010. – С. 78.
4. Масарик Т.Г. Политическая идеология. – СПб, 2005. – С. 152.
5. Политические конфликты в современном мире.- Ростов-на-Дону, 2011. – С. 205.

Absattarov R.B.

МЕХАНИЗМЫ РАЗРЕШЕНИЯ ПОЛИТИЧЕСКИХ КОНФЛИКТОВ

В статье рассматриваются механизмы разрешения политических конфликтов. При этом уделено особое внимание на самые эффективные методы и способы решения конфликтов, которые в политической науке еще недостаточно изучены. Вместе с тем рассматриваются и дискуссионные вопросы.

Absattarov R.B.

MECHANISMS FOR RESOLVING POLITICAL CONFLICTS

The article discusses the mechanisms for resolving political conflicts. At the same time pay special attention to the most effective methods and ways of solving conflicts, which in political science has not been studied. However, with the addresses and discussion questions.